

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Өзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

Шікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Тарақ**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүреділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Бисенғали**

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-
әділ; жауапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республи-
касының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» топқауымен ашылған. Алтыншы
томға абайтану саласында тәуелсіздік тұсында жарық көрген таңдамалы еңбектер арнайы топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен
білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың
дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы
аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

АБАЙДЫҢ ӘСЕМДІК ТАНЫМЫ

Абайдың бізге қалдырған мұрасы – санмен мөлшерлегенде, бас-аяғы бір кітаптың айналасындағы өлең-жырлары мен көлемі шағын кара сөздері (ғақлиялары). Соның өзі-ақ ұлы ойшыл-ақынның сан салалы ақыл-ойын, өнер өрісін жүйелеп аршып тануға мол мүмкіндік береді.

Мұның мәнісі – ақын шығармалары бір бүтін тұңғық дүние, күрделі құбылыс. Олар Абайдың түрлі көңіл-күй, ой-сезімін ғана білдіріп қоймай, оның бар табиғатын, тұтас тұлғасын да, ақыл-парасаты мен таным-нанымын, жігер қайратын да түгел таныта аларлықтай. Осыған байланысты М. Әуезов 1961 жылы университетте абайтанудан оқыған арнаулы курста: «Абай бір өзі – қазақ сахарасында отырып, академиялық ой ойлай алған данышпан», – деген пікір айтқан еді.

Абайдың өзінен бұрын-соңды көп ақындардан оқшау ерекшелігі оның өлеңге үлкен дайындықпен, саналы түрде келуі, яғни, ол өлеңді өзінің ішкі-сыртқы дүниемен тілдесіп, қарым-қатынас жасайтын өмірлік құралы деп түсінген. Ақын өмірден көрген-білгені, түйгені молайып, толысқан шағында 1886 жылы 41 жасқа келгенде жазған «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...» деп келетін өлеңінде:

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында, –

деп арнайы атап айтады. Бұл кезеңде Абай өлеңнің, өнердің адам өмірінде, халықтың тұрмыс-тіршілігінде алатын орнын, әлеуметтік маңыз-мәнін терең түсіне білген еді. Оны ақынның өз өлеңдеріндегі жалпы мысалынан да, кей өлеңдеріндегі осы мәселеге байланысты тікелей қадай айтылған ой-пікірлерінен де айқын аңғарамыз.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,
Өмірдегі қызығың – бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең, –

дегенде, ұлы ақын өлеңнің адам баласының мәңгі айрылмас жан серігі екенін, оның танымдық-тәрбиелік мәнін терең толғап айтып отыр. Осы сияқты басқа шығармаларында да Абай өлеңді, әнді айтып, тыңдағанда «адамның ұйықтап жатқан жүректі оятатынын», «жабырқаған көңілі жаңғырып, көтеріліп», «іштегі дертті жойып», «аңсаған шөлде су тапқандай болатынын», «кірлеген жүрек өз ішін жуғандай тазаратынын», ал жүректің «бастағы миды тербеп оятып», «ақылға сәуле қондыратынын» кезегімен айтып өтеді. Өлеңнің, өнердің қадір-қасиетін осылайша жоғары бағалай отырып, Абай кей өлеңдерінде «бар ойы өлең айтып ән салмақ» болғандардың, «тілін безеп, жанын жалдап, көр-жерді жоқтан қармап», өлең қылушыларды, сондай-ақ «алтын иек сары ала қызды» жырлап, «әсіресе қызыл» өлең шығарушыларды мінеп, қатаң сынға алды. Бұдан ақынның өлеңге үлкен талғампаздық талап қойып, оның әлеуметтік, бағыт-бетін бағдарлай алғандығын аңғарғандаймыз.

Саналы творчестволық өмірінің өн бойында халықтың мұң-мұқтажын жоқтап, әділетсіздік, зұлымдық атаулымен тынбай күрескен ақынның:

Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар,
Әділет пен ақылға
Сыналып көрген-білгенін,
Білдірер алыс-жақынға,
Солардың сөйле дегенін, –

деп келетін жолдарды оқығанда, ақынның өнердің халықтық сипатына ден қойғандығын анық байқаймыз. Мұнда Абай көркем өнер эстетикалық ләззат беріп, адамның жан-сезімін, ой-санасын тәрбиелеп, өмірді танытып қана қоймай, соның орайында әді-

лет үшін, адамшылық жолына әлеуметтік күрес құралы бола алатынын және болуы қажет екендігін де айтып отыр.

Көркем өнердің адам өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде алатын орнын, қоғамдық қызметін осылайша терең түсінген Абай «өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы», «...әннің де естісі бар, есері бар» деп, өлеңнің өзіндік болмысына, ішкі табиғатына ерекше мән береді. Өлең, өнер қоғам өміріне, оның өсіп-даму жолына лайықты қызмет етуі үшін алдымен оның көркемдік қасиетінің жоғары болуының қажеттілігін сөз етеді. Сонда Абай өлеңдерінде ой басым ба, сезім басым ба? Ақылдылық басым ба, сұлулық басым ба? Әлде бірінен-бірі асып-тасып жатыр ма?

«Ақыл сенбей сенбеніз, бір іске кез келсеңіз» – дей тұра:

Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар, –

дейді ақын. Сонда қалай, ұлы кеменгер өзіне-өзі қайшы келіп тұрғаны ма? Егер жеңіл-желпі бір беткей қарасақ, солай болып тұрған сыңайлы. Ал Абай ондайды көтермейді. «Білгенге – маржан, білмеске – арзан» деп ақынның өзі айтқан ғой. Олай болса, бұл өлеңдерде айтылған ойлар бірін-бірі теріске шығарып емес, қайта бірін-бірі толықтырып, молықтырып тұрғандығын байқауға болады.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті –
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, –

деген ғой. Және бір өлеңінде одан ары:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек, –

демей ме?

Абай өлеңдерінің бір қасиеті – бір өлеңіндегі жұмбақты екінші өлеңде шешіп беріп жатқандығы. Яғни, бір өлеңі екінші өлеңі, бір жағынан түсіндіріп, ашып беріп жатса, екінші жағынан бірін бірі тереңдетіп, тұңғыық тылсымға алып қашып жатады.

Және бір мысал: өзі бүкіл өмірін арнап, дертті болған тіл өнерінің қасиетін де, қасіретін де біле тұра, «тағыны жетіп қайырған – толғауы тоқсан қызыл тілдің» құдіретін жоғары бағалай тұра, енді бір өлеңінде:

Ет-жүрексіз еріннің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма –
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін, –

деп отыр. Сонда қалай, тағы да қарама-қайшылық па, жоқ, толықтырып, тереңдету ме?!

Өмір, болмыс – өте күрделі құбылыс. Оған бір жақты жеңіл-желпі қарауға болмайды. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін», «айналасы теп-тегіс жұмыр келетін» өлеңді өмірдің күрделі құбылыстарынан аршып алып, қиыннан қиыстырып жазуға болады. «Сөз патшасы – өлеңді» тек сыншыл жүрек қана тудыра алатынын айтып отыр.

Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден, –

деп жырлаған зарлы ақын.

Міне, мұнда Абай өлеңнің, көркем өнердің өмірге, шындыққа қатысын сөз етіп қана қоймай, жалпы болмыс пен сананың арақатынасы сияқты философияның негізгі мәселесінің біріне өзіндік көзқарасын да байқатып отыр.

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек,
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек, –

деп түсінетін ақын болмыстың, шындықтың адам санасынан тыс объективті өмір сүретінін, адам санасының сол өмір құбылыстарына сай туып дамитынын айтып отыр.

Қолаң қара шашы бар жібек талды,
Торғындай толқын ұрып көз таңдайды, –

дегенде, ақын сұлулық санада, қиялда ғана емес, алдымен өмірдің өзінде, өмір сұлулығы қиял мүмкіндігінен де асып жатады деген ойды білдіргендей.

Қаяусыз қалпынан,
Өзі артық даңқынан.
Қызыл тіл шыға алмас,
Мақтаудың шартынан, –

деп келетін келесі өлеңінде ол «толғауы тоқсан қызыл тілдің» өзі болмысқа, өмір сұлулығына жол беретінін, керек болса, соған тәуелді де екенін қадап айтады.

Көркем өнердің, поэзияның әуел бастан күні бүгінге дейін күн төртібінен түспей келе жатқан, әр дәуірде жаңаша сипат алып, жаңа бір қырынан көретін көкейкесті мәселенің бірі – мазмұн мен түрдің арақатынасы десек, Абай өлеңдерінен бұл мәселеге байланысты да орнықты жауап табамыз.

Абайдың қазақ поэзиясын жаңа шынайы мазмұнмен ғана емес, соған лайықты жаңа көркемдік түрмен де байытып, әдебиетке тыңнан кең тынысты жол-жоба да салып кеткені белгілі. Мұның мәнісі, алдымен өзіне дейінгі ақындар жырлап келген өлең мен өнерде тұрақты орын тепкен байырғы да мәңгілік тақырыптарды өзінше, жаңа заман ыңғайына орай жаңа қырынан сөз етсе, ерте бастан кеңінен қолданылып жүрген өлең түрлерін де өрнектей түсіп, орын-орнымен орнықты жерінде қиюластыра, жымдастыра қолдану арқылы оларға жаңаша өң беріп, құлпыра түскен. Айталық, сонау ежелгі ауыз әдебиетінен күні бүгінге дейін толастамай, жалғасып толысып келе жатқан тұлпар тұяғының сілтесіндей, бірін бірі бастырмалап, екпіндеп келіп тұратын 7-8 буынды әуен толқынмен Абай қазақ тұрмыс

тіршілігіндегі қауырт та қызық, үрдіс кезең жаз туралы өлең жазды. Мұнда ақын жан-жануар атаулының қаһарлы қыстың ауыртпашылығынан арылып, арқа-басы кеңіген ауыл өмірінің сәні мен мәнін, шынайы көрінісін ашып, жайып салумен қатар, сол «айнала шауып бұлтылдап» жүрген құлын-тай, «жоғары-төмен сымпылдап» ұшқан үйрек-қаз, сондай-ақ, әзілдесіп, сыңқылдап жүрген қыз-келіншектермен «кутындап» жүрген бозбалаларды суреттеу арқылы ақын сол кезеңнің өзіндік әуенін де, серпіліп көтерілген көңіл ырғағын да соншалық дәл бергендей.

Ал байсалды да салмақты II буынды қара өлеңмен күз, қыс мезгілдері туралы өлең жазған ақын халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі түнеріп, қаптап келе жатқан сұр бұлттай түсі суық ауыртпалық қиыншылықтарды көрсетіп қана қоймай, соған байланысты шерлене қайғы ойлап отырған қамқор қарияның күніренген мұңлы көңілінен де сыр шерткендей болады.

Енді «Қызарып, сұрланып, лүпілдеп жүрегі» деп келетін қазақта бұрын кездесе бермейтін 6 буынды жаңа өлең үлгісімен Абай өзінен бұрынғы ақындар жете байқата қоймаған «жанындағы жапырақша, үстіндегі жұлдыздай елбіреп, қалтырап» тұратын қыз бен жігіттің ғашықтық психологиясын жеріне жеткізе суреттейді.

Міне, осылайша мазмұнның өзінен табиғи түр тудырған, өрнекті түрінен мазмұн-мағына аңғарта алған бір-бірімен біте қайнасқандай, қамшы өріміндей жымдасқан жарасымды өлең жазған ақын:

Өлең деген әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы? –

деп, болмаса:

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей, –

деген жолдарымен де өзінің осы мазмұн мен түр мәселесіне байланысты көзқарасын айқын танытқандай. Мұнда ақын өлеңнің мағынасына, сырына, сөзіне, яғни, мазмұны мен түрін бір-бірінен бөлектемей, екеуінің бірлігіне айрықша ыждағатпен мән береді.

Қорыта келгенде, бұл айтылғандар соқтықпалы, соқпақсыз жерде мыңмен, мұңмен жалғыз алыса жүре, өлеңде де, өнер мен ғылымда да жаңа соқпақ, тың сүрлеу салып, жаңа бастау-бұлақтардың көзін ашқан ұлы Абайдың әрбір өлең жолының жалынын, әрбір жеке сөзінің терең тылсым мағынасы мен тұңғыық сиқыр-сырларын ішке бүгіп жатқан асыл қасиеттерінің айқын айғағы болса керек.

ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмағамбетов И.Н. Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап өткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сөз. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сөз. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сөйлеген сөзі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіреністер. – Астана: Күлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абдрахманов С. Төлума мен телума (зерттеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы ағартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Өлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұрғали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыпшен аталған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Тасмағамбетов И. Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы.....	3
Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға.....	9
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе?.....	14
Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы.....	36
Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем.....	64
Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па?.....	68
Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында.....	75
Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы.....	100
Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым.....	111
Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы.....	121
Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы.....	135
Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай.....	142
Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі.....	179
Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс.....	218
Досжан Д. Ақылдың қыры.....	229
Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы.....	246
Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы.....	268
Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....	280
Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер.....	286
Түсініктер.....	296

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VI том

Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ү. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ№9135

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1511.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.